



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына***2021 жылғы 19 мамырдағы № ДС-186 сауалға***Құрметті депутаттар!**

Сіздердің кең таралған пайдалы қазбаларды (бұдан әрі – КТПҚ) өндіру бөлігінде заңсыз жер қойнауын пайдалануға жол бермеуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар, Ішкі істер, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктері 2021 жылғы 19 сәуірде заңсыз жер қойнауын пайдаланудың және қалдықтарды рұқсатсыз орналастыруға жол бермеу жөніндегі бірлескен бұйрықты (бұдан әрі – Бұйрық) бекітті.

Бұйрық шеңберінде өңірлерде заңсыз жер қойнауын пайдалануды анықтау, КТПҚ өндіру және қалдықтарды рұқсатсыз орналастыру бөлігінде мобильді жұмыс топтарын қалыптастыру, сондай-ақ осы жұмыстардың нәтижелері бойынша уақтылы және жедел мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды.

Бұдан басқа, жоғарыда аталған мемлекеттік органдармен, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қатысуымен Жер қойнауын заңсыз пайдаланудың жолын кесу жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілді, онда:

- барлық мүдделі органдармен 2021-2022 жылдарға арналған КТПҚ заңсыз өндіру фактілерінің жолын кесу бойынша жұмысты ұйымдастыру және өзара іс-қимылдың өңірлік жоспарларын бекіту;

- КТПҚ барлау және өндіруге жасалған келісімшарттар бойынша электронды деректер банкін құру және түгендеу жүргізу, тұрақты негізде мәліметтерді өзектендіруді қамтамасыз ету;

- карта, сондай-ақ жер учаскелерінің шекараларын белгілей отырып, өңірлерде КТПҚ заңсыз өндіру жүзеге асырылатын жер учаскелерінің тізілімін жасау, учаскелерді өлшеу жүргізуді қамтамасыз ету және оларды үнемі жаңартып отыру;

- КТПҚ заңсыз өндіру фактілерін анықтау мақсатында болжамды орындарда рейдтік айналып өту;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде КТПҚ заңсыз өндірудің анықталған фактілері бойынша шаралар қабылдау;

- құзырет шеңберінде заңнама нормаларына сәйкес тауар шығарылған жерден тауар-көлік жүк құжаттарының болмауының анықталған фактілері бойынша мәліметтерді ұсына отырып, КТПҚ тасымалдауды жүзеге асыратын субъектілерге бақылауды жүзеге асыру;

- заңнама нормаларына сәйкес заңсыз өндіру фактілерін анықтау және оларды жауаптылыққа тарту мақсатында КТПҚ іске асыруды жүзеге асыратын субъектілерге бақылауды жүзеге асыру;

- келісімшарттық аумақтардан (тау-кендік бөлу) шығу фактілерін анықтау үшін КТПҚ барлау мен өндіруге жасалған келісімшарттар бойынша жұмыстар жүргізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шараларды қабылдау;

- халық пен кәсіпкерлік субъектілері арасында заңсыз өндіру (КТПҚ) үшін жауаптылық және олардың теріс салдары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу көзделген.

Жалпы осы мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында тұр.

Жоғарыда баяндалғанды, сондай-ақ Үкіметтің заңсыз жер қойнауын пайдалануға жол бермеуге бағытталғанын ескере отырып, Үкімет Жоспар шеңберінде тиісті шаралар қабылдайтын болады.

Р. Скляр